

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

## **АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ**

**2024ж**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:  
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

**«Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің және бюджет қаражатын басқарудың тиімділігі.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:**

«Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – *Басқарма*).

Оның ішінде үстеме тексеру жүргізілген объектілер:

1) Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

2) «Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

3) «Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

4) «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

5) Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

6) «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

7) «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

8) «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

9) Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2020-30.09.2023 жылдар аралығы.

**II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

## **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау**

Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 05 шілдедегі №201 қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес, Басқарма құрылыс қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың миссиясы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Түркістан облысы аумағында құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Міндеттері – облыс аумағында құрылыс және құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдауды ұйымдастыру;

2) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік коммуникацияларын салу, реконструкциялау туралы, сондай-ақ аумақтың инженерлік желілерін әзірлеу, абаттандыру мен көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

3) объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

4) облыс аумағында сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

5) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

6) жергілікті бюджет, сондай-ақ жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруға бөлінген республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын объектілердің және кешендердің құрылысының жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау және бекіту туралы облыс әкімдігіне ұсыныс енгізу;

7) Басқарманың құзіретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімдігі қаулыларының, облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын әзірлеу және облыс әкімдігі мен облыс әкімінің қарауына енгізу;

8) заңнамаларда белгіленген тәртіпте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру.

Жалпы, Басқарма қызметі Ережемен бекітілген өз қызметінің міндеттері мен функцияларына сәйкес келеді.

Басқарманың негізгі қызметі Ережеде айқындалған облыстың құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ретінде іске асырылған.

Осы аудит, Ережеге сәйкес жүктелген облыстың құрылыс, ғимараттарды,

инженерлік коммуникацияларын салу, реконструкциялау, сондай-ақ аумақтың инженерлік желілерін дамыту және (немесе) жайластыру және тағы басқа міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Яғни, 2020 жылы жалпы құны 277,3 млрд. теңгеге 238 бюджеттік инвестициялық жобаны және 77 жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) іске асыруға ҚР Үкіметі резерві, Республикалық, облыстық бюджет және ішкі қарыздар есебінен жалпы 148,2 млрд. теңге бөлінген. Есепті кезеңде 106 нысанның құрылысы аяқталып пайдалануға тапсырылған, қалған жобалар 2021 жылға өтпелі.

Сол сияқты, 2021 жылы жалпы құны 485,8 млрд. теңгені құрайтын 284 бюджеттік инвестициялық жоба және 72 ЖСҚ-ы жалпы 140,7 млрд. теңгеге іске асырылған. Жыл қорытындысымен 135 нысан пайдалануға тапсырылып, қалған 149 келесі жылға өтпелі болған.

Ал, 2022 жылы жалпы құны 454 743,0 млрд. теңгені құрайтын 243 бюджеттік инвестициялық жобаны және 26 ЖСҚ іске асыруға ҚР Ұлттық қоры, Республикалық, облыстық бюджет және ішкі қарыздар есебінен 129,6 млрд. теңге бағытталған. Жыл қорытындысымен 107 нысан пайдалануға тапсырылып, қалғаны келесі жылға өтпелі.

2023 жылы ҚР Ұлттық қоры, Республикалық және облыстық бюджет есебінен 392 нысан құрылысын жүзеге асыру және 123 ЖСҚ әзірлеуге 190,7 млрд. теңге бөлінген.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында Басқармамен Түркістан облысы бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйелері, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, ауыл шаруашылығы объектілерін салу саласындағы бюджеттік инвестициялық жобалар іске асырылған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 10 аудит объектісі қамтылып, оның ішінде 9 аудит объектісінде үстеме тексеру жүргізілді.

Жалпы 22 бюджеттік бағдарламалар бойынша 2020 жылдың 01 қаңтары мен 2023 жылдың 30 қыркүйек аралығындағы кезеңге бөлінген 82 836 147,7 мың теңге (2020 жылы - 3 964 167,0 мың теңге, 2021 жылы - 8 806 828,0 мың теңге, 2022 жылы - 37 468 586,2 мың теңге, 2023 жылы - 32 596 566,5 мың теңге) қаржы қамтылды.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша бюджет қаражатын пайдалану кезінде, бюджет және өзге де заңнамаларды бұзудың фактілері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 16 605 996,7 (жалпы қамтылған қаржының 20,0 пайызы) мың теңгені құрады. Атап айтқанда жалпы қаржылық бұзушылықтар сомасы 9 547 011,8 мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 9 546 834,3 мың теңге (бухгалтерлік есеппен 1 244 421,9 мың теңге, жұмыстармен 1 062 046,9 мың теңге қалпына келтірілген), өтелуге жататыны 177,5 мың теңге, тиімсіз жоспарланған бюджет қаржысы 4 919 231,1 мың теңге және тиімсіз пайдаланылған қаржы 2 139 753,8 мың теңге. Сонымен қатар 136 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

*Аудит барысында жүргізілген талдау, мемлекеттік аудит объектісінің қызметін регламенттейтін құжаттардың мынадай кемшіліктерін көрсетті:*

Басқарманың құрылтай құжаты болып Ереже табылады. Басқарманың орналасқан жері өзгеруіне байланысты облыс әкімдігінің 12.09.2018 жылғы №265 қаулысымен Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген.

Басқарма, құрылыс қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады және ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.

**1-тармақ.** Алайда, Басқарманың бекітілген Ережесінің 9-тармағында көрсетілген заңды тұлғаның орналасқан жері (*Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 160 орам, 5 құрылыс, пошталық индексі 161225*) өзгертілмеген.

Сонымен бірге, Басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдары болмаса да Ереженің 21-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Басқарма басшысының өкілеттігіне «*Түркістан облысының құрылыс басқармасы*» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың басшылары мен басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату және 12) тармақшасына сәйкес «*Түркістан облысының құрылыс басқармасы*» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың басшыларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын және оларға тәртіптік жаза қолдану жатқызылғаны, талдау барысында анықталды.

Басқарудың ұйымдық құрылымына сәйкес, жалпы басшылықты басшы және міндеттерді бөлуге сәйкес қызметті жүзеге асыратын 3 басшының орынбасарлары жүзеге асырады.

Басқарманың штат құрылымына облыс әкімдігінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі №100 қаулысымен Басқарманың 7 құрылымдық бөлімшесі (*бұдан әрі - Бөлім*) 41 штаттық бірлік, 27.10.2021 жылғы №252 қаулысымен 5 бөлім, 33 бірлік (*оның ішінде әкімшілік бөлімі таратылған*), 28.12.2023 жылғы №304 қаулысымен 4 бөлім, 32 бірлік болып 3 рет өзгерістер енгізіліп, бекітілген.

Басқарма басшысының 2020 жылғы 14 қаңтардағы №04-н/қ бұйрығымен Түркістан облысы құрылыс басқармасының жұмыс регламенті қосымшаға сәйкес бекітілген.

Басқарманың регламентін талдау барысында күші жойылған нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасалғаны және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып уақтылы өзектендірілмейтіні анықталды.

**2-тармақ.** Осылайша, Басқарманың жұмыс регламенті күші жойылған нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасалған және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістер және Басқарманың штат құрылымына 3 рет енгізілген өзгерістер ескерілмей, 2020 жылдан бері Регламент уақтылы өзектендірілмеген.

Басқарма басшысының 2021 жылғы 08 қарашадағы №198-н/к бұйрығымен Басқарманың құрылымдық бөлімдерінің ережелері №1-5 қосымшаларына сәйкес бекітілген.

Басқарма қызметінің құрылымына және құрылымдық бөлімдер туралы ережелеріне сәйкес осы аудит аясында құрылыс нысандары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарында орындалған жұмыстардың нақты көлемін тексеру және сапалы орындалуын бақылауды бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бөлімі (*бұдан әрі – БИЖЖА бөлімі*) және тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылымды дамыту бөлімі (*бұдан әрі – ТҮҚЖИД бөлімі*) жүзеге асырады.

**3-тармақ.** Алайда, Бөлімнің ережесін талдау барысында ҚР нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып уақытылы өзектендірілмейтіні анықталды. Яғни, ТҮҚЖИД бөлімінің 08.11.2021 жылы бекітілген жалпы ережелері және негізгі міндеттері мен функцияларында «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №733 қаулысымен күші жойылған «Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №736 қаулысымен күші жойылған «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы» көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер, Басқарманың жұмыс регламентін және құрылымдық бөлімше ережелерін қалыптастыру кезінде формальды тәсілді көрсетеді.

Құрылыс нысандары бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын Басқарманың лауазымды тұлғаларының функционалдық міндеттерін талдау тиісті біліктілігі жоқ лауазымды тұлғалар техникалық және технологиялық міндеттерді орындайтынын көрсетті.

*Анықтама: Біліктілік талаптарында экономист, құқықтану немесе экономика және бизнес, құқықтану мамандықтары көрсетілген.*

Яғни, ұсынылған мәліметтерге сәйкес БИЖЖА бөлімінде 1 қызметкердің экономика және бизнес, құқықтану және ТҮҚЖИД бөлімінде 2 қызметкердің экономист, құқықтану немесе экономика және бизнес, құқықтану мамандықтары құрылыс саласына қатысы жоқ екендігін талдау көрсетті.

Басқарманың БИЖЖА және ТҮҚЖИД бөлімдері облыс бойынша құрылыс жұмыстарын бақылауды ұйымдастыратын құрылыс саласының негізгі құрылымдық бөлімшесі екендігін ескерсек, негізгі бөлімдерде кадрлардың жетіспеушілігі оларға жүктелген міндеттердің сапасыз орындалуына алып келеді.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» №107 Заңының (*бұдан әрі – Әкімшілік рәсімдер туралы Заңы*) 9 бабына және 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (*бұдан әрі – Әкімшілік*

*рәсімдік-процестік Кодексі*) 39 бабына сәйкес, мемлекеттік органдар өз қызметін тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері өз жұмыс жоспарларын осы органның жұмыс жоспарының негізінде жасайды. Бұл ретте Басқармамен 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдардың тоқсанға арналған жұмыс жоспарлары мемлекеттік аудитке толығымен ұсынылмады. Яғни, 2020 жылдың 1-тоқсанына 7 бөлімнің 4-де, 2020 жылдың жарты жылдығына 1 бөлімде, 2021 жылдың 1-тоқсанына 6 бөлімнің 1-де ғана бар.

Сонымен қатар, аудит жұмыс жоспарлары болған кезде олардың орындалуы, оның ішінде құрылымдық бөлімше бойынша есептердің жоқ екенін көрсетті.

**4-тармақ.** Осылайша, Әкімшілік рәсімдер туралы Заңының 9 бабын және Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 39 бабын бұза отырып, Басқарманың 2020, 2021, 2022 және 2023 жылдарға құрылымдық бөлімшелер бойынша тоқсанға арналған жұмыс жоспарлары толық емес, ал қолда бар жұмыс жоспарына оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік қалыптастырылмаған.

Бұл, басқару шешімдерін қабылдау үшін елеулі кемшілік болып табылады, бөлімдердің жұмыс жоспарлары мен оларды орындау жөніндегі есептер мемлекеттік орган мен құрылымдық бөлімшелердің алдында тұрған барлық іс-шаралардың мәнін ашады, тиісінше есептердің болмауы қызметкерлердің алға қойылған міндеттерді сапасыз және уақтылы орындамауына әкеледі.

Аудиттің пікірінше, рәсімдік сипаттағы жол берілген бұзушылықтардың негізгі себебі Басқарма мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу және орындау кезінде басшылық тарапынан тиісті бақылаудың болмауы болып табылады.

*Аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде төмендегі бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.*

#### **Басқарма бойынша:**

Басқарманың тиісті жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары басқарма басшысының бұйрықтарымен бекітіліп, қаржы жылы ішінде мәслихат шешімдеріне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

**5-тармақ.** Алайда, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының (*бұдан әрі – №195 бұйрық*) 24-тармағының талаптары сақталмай, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджетті түзету туралы қаулыларын нақтылау немесе қабылдау кезінде олардың қаржыландыру көлемі, нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда, Басқарманың 106 және 108 бюджеттік бағдарламалары қайта бекітілмеген.



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір бюджеттік бағдарламаға бұйрықпен нәтижелілік көрсеткіштеріне қол жеткізе отырып, бюджеттік бағдарламаны сапалы жоспарлау мен орындауды қамтамасыз етуге дербес жауапты болатын лауазымды тұлға бекітіледі.

Басқарма басшысының 2021 жылғы 06 сәуірдегі №33-н/қ бұйрығымен Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламаларының жоспарлануы мен орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік бағдарламалар басшысы бекітілген.

**6-тармақ.** Алайда, Бюджет кодексінің 32 бабының 8-тармағының, №195 бұйрықтың 15-тармағы 4) тармақшасының талаптары сақталмай, 2021-2023 жылдары Басқарманың 108 және 113 бюджеттік бағдарламалары бойынша тиісті бұйрықпен айқындалмаса да бюджеттік бағдарлама басшысының аты-жөні және лауазымы көрсетілген *(28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 6,7,8 тармағы)*.

**7-тармақ.** Сонымен бірге, №195 бұйрықтың 19, 24, 27-1 тармақтарының *(жаңа редакцияда 13, 18, 19-тармақтары)* талаптары сақталмай, Басқарманың 2021-2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын бекіту және нақтылау кезінде жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісілмеген және бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде бюджеттік бағдарламаларға енгізілген өзгерістердің салыстырма кестесі енгізілмеген *(28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 9-тармағы)*.

Аудит барысында жүргізілген талдау бюджет қаржысының дұрыс жоспарланбауына байланысты және салалық басқарманың хатына сәйкес тоқтатылған жобалар нақтылауда қысқартылып, басқа бюджеттік бағдарламаларға қайта бағытталуы тиімсіз жоспарлаудың орын алуына алып келгенін көрсетті.

Атап айтсақ, Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 9, 12) тармақшасында көзделген нәтижелік, негізділік және тиімділік қағидаттарын бұза отырып, Басқарманың 2023 жылға арналған 013 бюджеттік бағдарламасы бойынша шығыстарды қаржыландыру көлемі 1 098 413,0 мың теңге, 020 бюджеттік бағдарламасы бойынша 10 051,0 мың теңге, 038 бюджеттік бағдарламасы бойынша 19 249,0 мың теңге, 078 бюджеттік бағдарламасы бойынша 295 000,0 мың теңге сомасында шығыстардың сомасын растайтын тиісті құжаттары бола тұра, басқа бюджеттік бағдарлама арқылы жоспарланған немесе тоқтатылған.

Сонымен бірге Бюджет кодексінің 67 бабының 12, 12-1-тармақтары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 2, 3, 5, 62-тармақтары сақталмай, «Turkistan» арнайы экономикалық аймақтың инженерлік инфрақұрылымның құрылысына техника-экономикалық негіздемесін *(бұдан әрі – ТЭН)* жоспарлау барысында жоба бойынша алынған қорытындымен инфрақұрылым желілері ұзақтығының алшақтығына байланысты әзірленген ТЭН-ге түзету енгізу үшін қосымша шығындарға, яғни 15 000,0 мың теңге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлауына алып келген.

**8-тармақ.** Осылайша, Бюджет кодексінің 3 бабы 1-тармағының 12-4-

тармағына сәйкес бюджеттік өтінімдерде қамтылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етпеу нәтижесінде тиімсіз жоспарлаудың **жалпы сомасы 1 437 713,0 мың теңгені** құрады. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 10,11 тармағы).

Облыс әкімдігінің 22.01.2020 жылғы «Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы «Технико-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді қажет ететін жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы» №79 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» №9 қаулысы бекітілген.

Осы ретте, «Түркістан облысы Ордабасы ауданының облыс туберкулезге қарсы 350 стационарлық төсек орынға арналған облыстық диспансерінің және ауысымына 250 адам қабылдайтын консультативті-диагностикалық орталық құрылысы» жобасы бойынша ТЭН-нің әзірленуіне 2020 жылы 1877,9 мың теңге бөлініп игерілгені анықталды. Алайда 2018 жылы нысанның орналасуы Шымкент қаласынан Ордабасы ауданына ауысып, осыған орай атауы өзгеріп қосымша жұмыстар атқарылуына байланысты қосымша қаржы қарастырылғанымен жер ауысуына байланысты жоба тоқтатылған, яғни өзектілігін жоғалтқан.

**9-тармақ.** Осылайша Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 9, 12) тармақшаларында көрсетілген бюджет жүйесінің нәтижелік, негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, Басқармамен 2020-2023 жылдары 1 жоба іске асырылмай, бюджеттен бөлінген «Түркістан облысы Ордабасы ауданының облыс туберкулезге қарсы 350 стационарлық төсек орынға арналған облыстық диспансерінің және ауысымына 250 адам қабылдайтын консультативті-диагностикалық орталық құрылысы» жобасының технико-экономикалық негіздемесін дайындауға **1 877,9 мың теңгенің** тиімсіз жұмсалғандығы анықталды (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 12 тармағы).

**10-тармақ.** Осы тектес Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4 бабының 6, 9, 12) тармақшаларында көрсетілген бюджет жүйесінің нәтижелік, негізділік және тиімділік принциптері сақталмай, басқармамен 2020-2023 жылдары 12 инвестициялық жобалар іске асырылмай, жобалық-сметалық құжаттама жасатуға бюджеттен бөлінген жалпы **131 788,6 мың теңгенің тиімсіз жұмсалғандығы** анықталды (3 жылдық мерзімі өткен құрылысына қаржы қаралмаған жобалар бойынша мәліметтер 1-қосымшада қоса тіркеледі).

Осы дайындалған жобалық-сметалық құжаттамалар бойынша 2020-2023 жылдарға құрылыс жұмыстарына қаржы қаралмаған және 2024 жылға жоспарланбаған.

Бұл ретте, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N242 Заңының (бұдан әрі – Құрылыс қызметі туралы Заң) 60 бабы 7 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде бекітілмеген жобалау алдындағы құжаттама, жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбеген

немесе құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 44 тармағы).

**11-тармақ.** Сонымен бірге, аудит барысында жобалау-сметалық құжаттаманы дайындаудағы кемшіліктер, 3 320 079,3 мың теңге бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлауына алып келгенін көрсетті. Атап айтқанда:

- «Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы мұз сарайының құрылысы» жұмыс жобасы бойынша «Мемсараптама» РМК-ның 2022 жылдың 16 ақпанында №19-0008/22 ҚБПУ ведомстводан тыс кешенді сараптаманың түпкілікті оң қорытындысы алынған жобаны жоспарлау барысында кемшіліктердің орын алуына байланысты құрылыс құнының сметалық есебі негізінде жоба құнының (3 978 236,9 мың теңге) 77,9 %-на өзгерістер енгізіліп, жобада көзделген барлығы **3 100 821,0 мың теңге** бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлауына алып келген.

- «Түркістан қаласы, Яссы көшесі бойында желілік саябақ құрылысы 2-кезек» нысан құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасына сметалық құн шегінде өзгерістер енгізу қаралып, жобада көзделген 388 380,0 мың теңгенің 26,5%-на, яғни **103 020,9 мың теңгесіне** өзгерістер енгізіліп, бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлауына алып келген.

- «Түркістан қаласы, Яссы көшесі бойында желілік саябақ құрылысы 1-кезек» нысаны бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сметалық құн шегінде екінші рет өзгерістер енгізу туралы шешім қарастырылып, жобадағы **116 237,4 мың теңгеге** өзгерістер енгізілген (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 45,47,85 тармағы).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабы 9,12) тармақшасының талаптары сақталмаған.

**12-тармақ.** Сондай-ақ, бақылау өлшемін жүргізу барысында мемлекет активтерін тиімді пайдаланбау фактілері 2 006 087,3 мың теңгеге анықталды, оның ішінде:

- Сметалық құны **980 190,5 мың теңгені** құрайтын «Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы «Олимпиядалық резерв мектебінің әкімшілік ғимараты мен жатақханасын салу» нысаны бүгінгі таңға дейін пайдаланушы ұйымға берілмеген, яғни мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принципі сақталмаған.

- «Түркістан қаласы әкімшілік-іскерлік орталығының инженерлік инфрақұрылымын салу (жол бөлігі, №40 көшеден бастап №24 көшеге дейін №9 көше; №9 көшеден бастап №13 көшеге дейін №40 көше; №24 көшеден бастап №32 көшеге дейін 11 көше; 11 көшеден бастап №9 көшеге дейін №24 көше; Батыс Еуропа - Батыс Қытай трассасынан бастап №9 көшеге дейін №32 көше) (№9,11 көше ирригация жүйесі) (IV-кезек)» нысаны бойынша жалпы сметалық құны **921 178,5 мың теңгелік** ирригация жүйесі осы күнге дейін пайдаланылмай тұр. Себебі, жалпы 12 шақырым жерге су жүргізу жүйесі салынғанымен, су жүрмегендіктен іші қоқысқа толған.

- «Түркістан қаласы әуежайының жол бойындағы жасыл белдеуді

*суармалы сумен қамтамасыз ету үшін инженерлік су құбыры желілерін салу. 4-кезек. (Газбен қамту)» нысаны қабылданғанымен бүгінгі таңға дейін іске қосылмай, тиімсіз пайдаланылған қаржы **104 718,3 мың теңгені** құрады (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 30,32,33 тармағы).*

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабы 9,12) тармақшаларының және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 6 бабы 4) тармақшасының, 10 бабы 2 тармағының талаптары сақталмаған.

Аудит барысында өндірістік жұмыстардың бекітілген кестесін сақтамау және жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбеу фактілері анықталды, бұл мемлекеттік сатып алу туралы Заңнаманы бұзу болып табылады.

**13-тармақ.** Яғни, **«Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында тұрғын үй орамдарын жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы (I,II,III,IV-кезек)»** нысандары бойынша мердігермен келісім шарт және жұмыстардың өндірістік кестесінің талаптары сақталмай, тапсырыс берушімен 12 күннен 107 күнге дейін кешіктіріліп орындалған жұмыстарға 0,1 пайыз мөлшерінде жалпы сомасы 22 788,0 мың теңге тұрақсыздық айыбын (ұстап қалуды) өндіріп алуды қамтамасыз етпеген және жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінбеген (*өндірілмеген тұрақсыздық айыбы бойынша мәліметтер 2-қосымшада қоса тіркеледі*).

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 12-бабы 4-тармағының 3)-тармақшасының, 43 бабының 24-тармағының, №78,141,194,280 Шарттың 8.3-тармағының және жұмыстардың өндірістік кестесінің талаптары сақталмаған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 14,15,16,17,18,19,25,27,28,29 тармағы).

**14-тармақ.** Одан басқа 4 жағдайда құрылысқа қатысушылар тарапынан жұмыстар толығымен аяқталмаса да объектілер пайдалануға қабылданған фактілер анықталды. Атап айтсақ:

*«Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында тұрғын үй орамдарын жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы (II-кезек)»* құрылыс нысаны бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі 01.06.2022 жылы бекітілген. Ал мердігермен 2022 жылдың маусым айында 71 508,0 мың теңгеге жұмыстар атқарылып, басқарма, авторлық және техникалық қадағалаушы ұйымдармен қабылдаған орындалған жұмыстардың (форма №КС-2,3) актісі 13.06.2022 жылы тапсырылған.

Сол сияқты *«Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында тұрғын үй орамдарын жылумен жабдықтау желілерінің құрылысы (III-кезек)»* құрылыс нысаны бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі 19.10.2021 жылы бекітілсе, мердігермен 2021 жылдың желтоқсан айында 27 638,6 мың теңгеге орындалған жұмыстардың (форма №КС-2,3) актісі 15.12.2021 жылы тапсырылған.

*ОҚО, Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Абай атындағы №5 жалпы орта мектебінде спорт зал ғимаратының құрылысы»* нысаны 2021 жылдың 27 желтоқсанында объектіні пайдалануға қабылдау актісімен қабылданымен мердігермен 2022 жылдың мамыр айында 9007,4 мың теңгеге, шілде айында 9016,8 мың теңгеге жұмыстар атқарылып, басқарма, авторлық және техникалық қадағалаушы ұйымдармен қабылдаған орындалған жұмыстардың (форма №КС-2,3) актісі 30.05.2022 жылы және 22.07.2022 жылы тапсырылған.

*«ОҚО, Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Пушкин атындағы №6 жалпы орта мектебінде спорт зал ғимаратының құрылысы»* нысаны 2021 жылдың 28 желтоқсанында объектіні пайдаланылуға қабылдау актісімен қабылданған. Ал мердігермен 2022 жылдың 31 тамызында 23 355,0 мың теңгеге және 16 433,0 мың теңгеге орындалған жұмыстардың (форма №КС-2,3) актісі тапсырылған.

Бұл ретте, Құрылыс қызметі туралы Заңының 17 бабы 1 тармағы 10) тармақшасының, 73 бабының 2, 3, 5, 6 және 6-1 тармақтарының талаптары бұзылған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 20,26,122,126 тармағы).

**15-тармақ.** Сонымен бірге, аудит барысында атқарылған құрылыс жұмыстарының анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізіліп, нәтижесінде барлығы 22 нысанда барлығы **1 001 922,1 мың теңгеге** атқарылмаған жұмыстар көлемі анықталды (*Инвестициялық жобалар бойынша атқарылмаған жұмыстар туралы мәліметтер 3-қосымшада қоса тіркеледі*).

Осылайша, Құрылыс қызметі туралы Заңының 17 бабы 1 тармағының, 4-1), 10) тармақшасының, 34-3 бабының 2 тармағы 1), 4), 9) тармақшаларының, 60 бабы 1 тармағының, 73 бабының 5 тармағы 2)-ші абзацының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларының» 12 тармағы 1),3),4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» 97 бабының 6 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 215-тармақ 6) тармақшасының талаптары сақталмаған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 48,51,54,57,60,63,66,69,75,78,81,89, 101,104,107,110,113,116,119,123,127 тармағы).

**16-тармақ.** Сәйкесінше, авторлық және техникалық қадағалау өкілдерімен орындалмаған жұмыстардың толықтығын растап қол қойған және мөрімен растаған.

Бұл ретте, Құрылыс қызметі туралы Заңының 34 бабының 2-2 тармағының 4), 5) тармақшаларының, 2-3 тармағының 1), 3), 5) тармақшаларының, 2-4 тармағының, 34-1 бабының 5 тармағы 3) тармақшасы, 6 тармағының және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігінің 2015 жылғы 3 ақпандағы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» №71 бұйрығының 10 тармағының 10) тармақшасының, 25 тармағының 4), 5), 6) тармақшаларының, 26 тармағының, 27-1, 28, 29 және 30 тармақтарының

талаптары сақталмаған. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 49,50,52,53,55,56,58,59, 61,62,64,65,67,68,70,71,76,77,79,80,82,83,90,91,93,94,96,97,99,100,102,103,105,106,108,109, 111,112,114,115,117,118,120,121,124,125,128,129 тармағы)

**17-тармақ.** Бұдан басқа, Мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС 2021 жылдың желтоқсан айында тапсырысшы «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне 232 659,6 мың теңгеге орындалған жұмыстардың №1 актісін, авторлық қадағалаушының қатысуынсыз ұсынған.

Орындалған жұмыстардың №1 актісіне мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС және техникалық қадағалау қызметін көрсететін «KazStoryMagnat» ЖШС бірлесіп қол қойып, жұмыстар қабылданған.

Алайда, тапсырыс беруші «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы мұз сарайының құрылысы» жобасының бас жобалаушысы «Дәулет» ЖШС-мен келісім шарт жасамаған, яғни құрылыс жұмыстары авторлық қадағалауды қатар жүргізбей жүзеге асырылған.

Бұл ретте, Құрылыс қызметі туралы Заңының 17-бабының 6) тармақшасының, 34-бабының 1 және 2 тармақтарының, 34-1 бабының, 34-2 бабының 2 тармағының 3), 4), 5) тармақшаларының, 34-3 бабының және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту талаптары сақталмаған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 72 тармағы).

**18-тармақ.** Сонымен бірге, мердігер «Integra Construction KZ» ЖШС 2021 жылдың желтоқсан айында 232 659,6 мың теңгеге ұсынған орындалған жұмыстардың №1 актісіне тапсырыс беруші «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қол қойылмай жасалған келісім шарттарға сәйкес орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларының» 12-тармағының 4) тармақшасының талаптары сақталмаған. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 73 тармағы).

«Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы мұз сарайының құрылысы» нысаны бойынша техникалық кеңестің №1 хаттамасына және құрылыс құнының сметалық есебіне сәйкес инженерлік-техникалық және (немесе) технологиялық жобалық шешімдеріне әсер ететін, инженерлік және (немесе) технологиялық жабдықты, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді өзгертетін елеулі сипаттағы өзгерістер енгізілген.

**19-тармақ.** Алайда, Құрылыс қызметі туралы Заңының 60-бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі №304 бұйрығымен бекітілген «Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілерді салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларының» 16 тармағының және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №299 бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларының 75 тармағының талаптары сақталмай, «Түркістан облысы, Түркістан қаласындағы мұз сарайының құрылысы түзету» нысаны бойынша бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға (77,9%) түзетулер енгізілмеген және қайта сараптама жасалмаған. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 74 тармағы).

**20-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығымен бекітілген ереженің 166, 185, 187, 191, 198 тармақтарының талаптары сақталмай, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен мердігер «КДСМ» ЖШС арасында 21.12.2020 жылы жасалған №263 келісім шарттың, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен техникалық қадағалаушы «KazstroyMagnat» ЖШС арасында 21.12.2020 жылы жасалған №264 келісім шарттың, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен авторлық қадағалаушы «Mataibekov architects» ЖШС арасында 21.12.2020 жылы жасалған №268 келісім шарттың қолданылу мерзімі 2022 жылға ұзартылмаған.

Қолданылу мерзімі ағымдағы қаржы жылынан асып кететін шартта тиісті қаржы жылдары бойынша соманы шартты түрде бөле отырып жалпы сомасын көрсетеді. Шарттың жалпы сомасы, жылдар бойынша оның бөлінуі өзгерген кезде оларды түзету қосымша келісімдерді жасасу жолымен түзетіледі. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 86,87,88 тармағы).

**21-тармақ.** «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N413-IV Заңының 17 бабының 11) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 275 тармағының талаптары сақталмай, басқарма өкілеттігі (жергілікті атқарушы органның шешімі, Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының бұйрығы) болмаса да, пайдалануға берілген жалпы құны 2 912 210,1 мың теңгелік объектілерді қабылдау беру актісі (Авизо) бойынша білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарына өз еркімен берген. Атап айтқанда:

P/c	Объектінің атауы	Объектіні пайдалануға берудің нақты мерзімі	Нысанның құны (мың теңге)	Қабылдау беру актісінің (Авизо) датасы мен нөмері
-----	------------------	---	---------------------------	---

1	ОҚО, Сарыағаш ауданы Жылға ауыл округі Жылға ауылы Ғ. Мұстафин атындағы 300 орындық №44 орта мектеп құрылысы	09.08.2021ж	815 286,7	14.02.2022ж №127
2	ОҚО, Сарыағаш ауданы, Қошқарата ауылдық округі, Жамбыл елді мекенінен 300 оқушы орындық мектеп құрылысы	29.11.2021ж	1 061 784,2	14.02.2022ж №124
3	ОҚО, Сарыағаш ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Ынтымақ елді мекеніндегі 300 оқушы орындық М. Горький атындағы №91 орта мектептің құрылысы	31.08.2022ж.	725 735,0	
4	Түркістан облысы Мақтаарал ауданы, Игілік ауылында бір ауысымды 50 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория құрылысы	18.05.2023ж.	309 404,2	22.05.2023ж
	<b>Барлығы</b>		<b>2 912 210,1</b>	

Аталған 4 нысан қазіргі уақытта басқарманың балансында есепте тұр. (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 130 тармағы).

**22-тармақ.** Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 118 бабының 1,2 тармағының, Құрылыс қызметі туралы Заңының 34-2 бабының 2 тармағы 8) тармақшасының, 68 бабының 14 тармағының, 73 бабының 8 тармағының, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі N310 Заңының 3,4 бабының, 7 бабы 1 тармағының, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-ІV Заңының 6 бабының 4) тармақшасы, 17 бабының 3), 11), 23), 24) тармақшалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №229 бұйрығымен бекітілген «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларының» 14-тармағының 8) тармақшасының талаптары сақталмай, басқармамен 2021-2023 жылдары пайдалануға берілген жалпы құны 17 126 856,7 мың теңгені құрайтын 22 нысанды жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу органдарына жүгіну бойынша шаралар мерзімінде қабылданбай облыстық коммуналдық мүліктер коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп берілмеген. Яғни барлық 22 нысан қазіргі уақытта басқарманың балансында есепте тұр (пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша мәліметтер 4-қосымшада қоса тіркеледі).

Аталған нысандар пайдалануға берілген сәттен бастап тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді рәсімдеу бойынша жылжымайтын мүлікті тұрақты пайдалану құқығына мемлекеттік тіркеу жүргізілмеген, бұл объектіні пайдаланушы ұйымдарға беруге кедергі болып табылады.

Қазіргі уақытта объектілерді пайдалануға беру үшін тиісті құжаттарды ресімдеу жұмыстары жүргізілуде (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 131,132 тармағы).



Осылайша тапсырыс берушімен 2021-2023 жылдары құрылысы аяқталып пайдалануға берілген нысандар бүгінгі таңда іске қосылып өз жұмыстарын атқаруда. Алайда Басқармамен біткен нысандардың уақытылы теңгерімге берілмеуі объектіні пайдаланушы ұйымдардың бюджет қаражаты есебінен оның балансында жоқ ғимараттарды күтіп-ұстау шығыстары бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлануына және жұмсалыуына алып келіп отыр.

Бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау құрылыс басқармасы тарапынан объектілерді пайдалануға қабылдау, қабылданған объектілерді бухгалтерлік есепте көрсету тәртібінің, сондай-ақ мүлікті жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екінші деңгейіне беру бөлігінде мемлекеттік мүлік туралы заңнаманың сақталмайтынын көрсетті.

Сонымен бірге мемлекеттік аудит барысында бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есепті жасау бөлігінде бірқатар заң бұзушылық фактілері анықталды.

**23-тармақ.** Яғни, Басқарма 2021, 2022 жылы және 2023 жылдың 9 айында аяқталған құрылыс нысандарын объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес теңгерімге қабылдаған. Пайдалануға берілген ғимараттардың объектілерді пайдалануға қабылдау актілерде баланстық құндары және құрал-жабдықтардың баланстық құны сонымен қатар құрал-жабдықтарды қабылдау-өткізу актілерде көрсетілген. Алайда басқарманың бухгалтерлік есептілігінде ғимараттардың және құрал жабдықтардың қаржыларының қосындысын қосып 1 дана ғимарат деп көрсетілгені анықталды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған пайдалануға берілген ғимараттардың объектілерді пайдалануға қабылдау актілерде және құрал-жабдықтарды қабылдау-өткізу актілерде қорларда көрсетілген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 115-бабының 1,2 тармағын, 116-бабының 1-4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.09.2010 жылғы №444 бұйрығымен бекітілген есеп саясатының 35, 36, 39, 40 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 142, 196, 197, 198, 200, 202, 203, 243, 247, 258, 259, 260, 272, 280, 282, 283-тармақтарын бұза отырып, аудит объектісімен **6 168 592,5 мың теңгеге** орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей құрал жабдықтарды есепке алмағаны анықталды. Сонымен бірге, ҚР ҚМ 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 26-тармағының талаптары сақталмай, бухгалтерлік баланстың «қорлар» бабы (020-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны), қағиданың 27-тармағының бухгалтерлік баланстың «негізгі құралдар» бабы (114-жолдың коды, ҚЕ 1-нысаны), қағиданың 41-тармағының бухгалтерлік баланстың «Активтер амортизациясы» бабы (120-жолдың коды, ҚЕ 2-нысаны) бұрмаланған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 21,23,31,34,35,36,40,41,42 тармағы).

**24-тармақ.** Одан басқа Басқарма теңгерімінен 2021-2023 жылдары 108 бағдарлама бойынша бөлінген 286 037,5 мың теңгені негізсіз есептен шығарған, яғни 7140 «Өзге операциялық шығыстар» шотының дебеті шығыстар 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» кредиті деп таныған. Аталған нысандар бойынша жұмыстарды толық бітіргенге дейін 2411 «Аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебетінде жинақталуы тиіс болатын. Сонымен қатар, 139 776,0 мың теңге техникалық-экономикалық негіздеме толық әзірленбеуіне байланысты 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының дебетінде танылуы тиіс.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 116 бабының 1-4 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 03.08.2010 жылғы №393 бұйрығымен бекітілген бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3 тармағының 50) тармақшасының 240, 243, 244, 272 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 15.06.2010 жылғы №281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» бұйрығының 17 тармағын бұза отырып, аудит объектісімен бухгалтерлік есепте Түркістан облысының құрылыс басқармасы мемлекеттік мекемесінен өткен техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптама (оң қорытынды) алуға орындалған актілерін құжаттамалық рәсімдеудің дұрыстығын қамтамасыз етпей шығыстар ретінде есепке алынған. Сонымен бірге, ҚР ҚМ 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 41-тармағының талаптары сақталмай, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептің «Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар» бабы (115-жолдың коды, ҚЕ 1-нысан) **425 813,5 мың теңге** сомасына бұрмалау орын алған (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 13,24,37,43 тармағы).

Осы ретте, Құрылыс қызметі туралы Заңының 1 бабы 12) тармақшасына сәйкес **жобалау алдындағы құжаттама** - қала құрылысы, сәулет жобаларын, құрылыс жобасын әзірлеу алдында жасалатын және бағдарламаларды, есеп берулерді, **құрылыстың техникалық-экономикалық негіздемелерін**, техникалық-экономикалық есептерді, ғылыми зерттеулер мен инженерлік ізденістер нәтижелерін, технологиялық және конструкциялық есептерді, нобайларды, макеттерді, өлшемдер мен объектілерді зерттеу нәтижелерін, **сондай-ақ жобалау құжаттамасын әзірлеу және жобаларды кейіннен іске асыру туралы шешімдер қабылдауға қажетті өзге де бастапқы деректер мен материалдарды қамтитын құжаттама** болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – *Қағидалар*) республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейді.

Қағидалардың 53)-тармақшасына сәйкес негізгі құралдар – мынадай: тауарларды өндіруде немесе жеткізуде немесе қызметтер көрсетуде пайдалану

үшін, басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін ұсталатын; бір жылдан астам уақыт ішінде қолданылады деп күтілетін материалдық объектілер.

Қағидаларға сәйкес негізгі құрал объектісінің құны: осы объектіге байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайда мен әлеуеті бар қызметтің түсуіне ықтималдық болғанда, іс жүзіндегі шығындарды немесе объектінің әділ құнын сенімді өлшеу мүмкін болса, актив деп танылуы мүмкін.

Осы Қағидалардың 272-тармағына сәйкес мемлекеттік мекеме күрделі шығындарды 2411 «Аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының дебеті және 3210 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті бойынша көрсетеді. **Аяқталмаған құрылыс іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшенеді.** Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға тапсырылмаған құрылыс және қайта жөнделген объектілер бойынша шығындар келесі жылдың балансына ауысады.

Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде **оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп**, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жатқызылады, бұл ретте мынадай жазба көрсетіледі: Шоттар жоспарының «Негізгі құралдар» бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 2411 «Аяқталмаған құрылыс» қосалқы шотының кредиті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарына сәйкес 2411 «Аяқталмаған құрылыс», мұнда аяқталмаған және пайдалануға тапсырылмаған объектілер құрылысы бойынша шығыстар есепке алынады (*ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу, жабдықты монтаждау бойынша, қару-жарақ пен әскери техника, жобалау (жобалау-металық) құжаттамасы*).

Яғни аудиттің пікірінше, іс жүзінде кездесетін бірақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотында жобалау алдындағы құжаттаманың (*техникалық-экономикалық негіздеме*) көрсетілмеуі заңнамадағы олқылықтар болып табылады.

*Анықтама: Бұл ретте, аталған мәселеге қатысты сұрақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне 03.03.2024 жылғы №ЖТ-2024-03326561 хат жолданып, 18.03.2024 жылы жауап алынған болатын.*

**Үстеме тексеру барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 9 мекемеде 1 950 683,7 мың теңгені құраған. Атап айтқанда:**

**-Мемлекеттік аудит барысында 9 мекемеде 706 084,3 мың теңгеге орындалмаған жұмыстар және орнатылмаған жабдықтар анықталған, атап айтқанда:**

1. «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 33 666,9 мың теңге;

2. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 55 896,3 мың теңге;

3. Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 5 772,6 мың теңге;

4. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 386,8 мың теңге;

5. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 17 599,7 мың теңге;

6. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 7 925,1 мың теңге;

7. «Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 89 818,9 мың теңге;

8. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 491 488,1 мың теңге;

9. «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 3 529,9 мың теңге.

*Бұл ретте, «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексінің 630-бап 1, 2, 4 тармақтарының және 654- бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 97 бабы 6 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығының 215-тармақ 2), 3), 5), 6) тармақшасының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 заңының 60 бабының 1 тармағының талаптары сақталмаған.*

**-Мемлекеттік аудит барысында 1 мекемеде жабдықтарға (оборудование) жататын тікелей қосудың белсенді энергиясын есепке алудың электрондық бір фазалы 268 дана және үш фазалы 3 дана есептегіштеріне сметалық пайда есептелініп, мердігерге 177,5 мың теңге көлеміндегі қаржы артық аударылған.**

1. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 177,5 мың теңге.

*Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексінің» 97 бабының 6 тармағының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесінің» 215 тармағы 2), 3), 6) тармақшаларының, сол кезде заңды күшінде болған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қарашадағы «Құрылыстағы баға белгілеу бойынша нормативтік құжаттарды бекіту туралы» №249-нқ бұйрығының 2-қосымшасының 18, 19 тармағының талаптары орындалмай,*

мекеме тарапынан жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерге сәйкес тауарлардың берілуін, орындалған жұмыстарды және (немесе) көрсетілген қызметті растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

**Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде 3 мекемеде жалпы 1 244 421,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

1. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 156 435,7 мың теңге;

2. «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 850 710,7 мың теңге;

3. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша 237 275,5 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 04.10.2008 жылғы №95-IV Бюджет кодексінің 116-бабының 1-4 тармақтарының, 117-бабының 1-4 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 07.09.2010 жылғы №444 бұйрығымен бекітілген есеп саясатының 2,6-тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 3 тармағының 50) тармақшасының, 2, 4, 15, 17, 18, 21, 22, 24, 26, 28, 29, 142, 240, 243, 244, 272, 275, 506 тармақтарының, ҚР ҚМ 01.08.2017 жылғы №468 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының 41 тармағының талаптары сақталмаған.

**Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 мекемеде 161 438,8 мың теңге құрайды.**

1. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 161 438,8 мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9,12) тармақшасының талаптары сақталмаған.

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша 9 объектіде жалпы 56 бірлік бұзушылық фактілері орын алған. Атап айтқанда:**

**1. Бюджет заңнамасын бұзушылықтар бойынша 1 мекемеде 2 бірлік анықталған:**

1. «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік.

**2. Құрылыс саласындағы заңнаманың бұзушылықтары бойынша 8 мекемеде 38 бірлік анықталған:**

1. «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 9 бірлік;

2. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

3. Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік;

4. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

5. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

6. «Қазығұрт аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

7. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 4 бірлік;

8. «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 8 бірлік.

### **3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар бойынша 2 мекемеде 4 бірлік анықталған:**

1. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

2. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 3 бірлік.

### **4. Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар бойынша 6 мекемеде 12 бірлік анықталған:**

1. «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 бірлік;

2. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

3. «Отырар ауданы әкімдігінің «Отырар ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

4. «Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

5. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

6. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 6 бірлік (*үстеме тексерулер бойынша мәліметтер 5-қосымшада қоса тіркеледі*).

Осылайша, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы мен кемшіліктері жүйелі сипатқа ие. Бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері жауапты тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын дұрыс қолданбауы, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

### **2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).**

Түркістан облысының облыс орталығы Түркістан қаласына көшірілуіне және сәйкесінше бюджеттік инвестициялардың ұлғаюына байланысты білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйелері, аббаттандыру және көгалдандыру

салаларындағы әлеуметтік құрылыс нысандарының саны ұлғайған.

Облыс бойынша 2022 жылы орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 350,9 млрд.теңгені құрады (2021 жылы – 322,9 млрд. теңге, 2020 жылы – 299,9 млрд. теңге).

Оның ішінде, құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 2022 жылы 104,6% (2021 жылы – 104,1%, 2020 жылы – 165,8%) құрады.

Құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің ең үлкен көлемін жеке құрылыс ұйымдары (98,5%) және шетелдік (1,5%) орындаған.

Құрылыс жұмыстарының көлемінің ұлғаюы облыстың сегіз ауданында байқалады. Бұл ретте, Түркістан қаласында (3,9%-ға), Кентау қаласында (12,5%-ға), Отырар (235,9%-ға), Сайрам (72,4%-ға), Ордабасы (30,8%-ға), Созақ (8,0%-ға), Қазығұрт (4,8%-ға) және Шардара (4,0%-ға) аудандарында көлемнің едәуір ұлғаюы байқалады.

Сонымен қатар, 2022 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 864,1 мың ш.м. құрады (2021 жылы – 823,8 мың ш.м., 2020 жылы – 735,5 мың ш.м.).

Оның ішінде, 2022 жылы тұрғын үйлердегі пәтерлер пайдалануға берілген – 7 321 (2021 жылы – 6 590, 2020 жылы – 6 024).

2022 жылы тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көзі құрылыс салушылардың меншікті қаражаты болып табылады.

Облыстың он ауданында тұрғын үйді пайдалануға берудің ұлғаюы байқалады. Түркістан қаласында (26,9%), Сауран (43,6%), Ордабасы (15,6%), Түлкібас (12,8%), Отырар (9,1%), Келес (7,9%), Қазығұрт (6,8%) және Бәйдібек (5,0%) аудандарында айтарлықтай өсім байқалады.

2022 жылы тұрғын үй құрылысына 118 764,5 млн. теңге инвестиция бағытталған. (2021 жылы – 123 810,5 млн. теңге, 2020 жылы – 84 956,1 млн. теңге).

2022 жылы объектілерді пайдалануға беру 4 067 бірлікті құрады (2021 жылы – 3 941 бірлік, 2020 жылы – 4 341 бірлік).

Оның ішінде, пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени объектілер саны 2022 жылы 61 бірлікті (2021 жылы – 57, 2020 жылы – 16) құраған.

Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени объектілердің ең көп үлесі Түркістан қаласы, Сайрам және Сарыағаш аудандарында орын алып отыр.

Осы ретте, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Облыс бюджеті шығыстарының құрылымында құрылыс саласының шығындарына жұмсалатын қаражат көлемі елеулі үлесті алып отыр. Яғни облыстық бюджеттің жалпы көлеміндегі құрылыс шығындарының үлесі 2020 жылы 21,4%, 2021 жылы 13,3%, 2022 жылы 10,3%, 2023 жылы 14,9% құрады.

Осылайша, «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі өңір халқының өмір сүру сапасын арттыра отырып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысады.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектілерінде анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы, мемлекеттік аудит және аудиторлық қорытынды дайындау барысында барлығы **2 306 468,8 мың теңге** қаржылық бұзушылықтар қалпына келтірілген, оның ішінде бухгалтерлік есеппен 1 244 421,9 мың теңге, жұмыстармен 1 062 046,9 мың теңге (*қаржылық бұзушылықтар бойынша қалпына келтірілген мәліметтер 6-қосымшада қоса тіркеледі*).

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша жолданған 9 материалдан 7 материал бойынша 959 920 теңге айыппұл салынған, 1 материал қайтыс болуына байланысты тоқтатылса, 1 материал бойынша сотқа берген.

Сонымен бірге, Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Заңын бұзу фактілері бойынша 106 материалдан 103 материал бойынша 43 694 820 теңге айыппұл салынған, 3 материал бойынша орындалмаған жұмыстарға қаржының игерілуін қадағалау басқарманың құзырына кірмеуіне орай, шара көруге негіз жоқ деп қайтарылған (*әкімшілік құқық бұзушылық материалдар бойынша мәліметтер 7-қосымшада қоса тіркеледі*).

Мемлекеттік аудит нәтижесімен анықталған бұзушылықтарға жол берген Отырар, Созақ, Шардара, Сарыағаш, Қазығұрт, Түлкібас, Ордабасы, Бәйдібек аудандарының және Кентау қаласының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің жауапты тұлғаларының жұмыстан босап кетуіне, сонымен бірге теріс қылық анықталған күннен бастап үш ай өтуіне және тәртіптік жаза қолдану мерзімінің (1 жыл) өтіп кетуіне байланысты тәртіптік жауапкершіліктің қолданылуы нұсқама жіберу барысында назарға алынды (*ҚР «Мемлекеттік қызмет» туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V Заңының 45-бабы*).

#### **3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** *Тиімділік* – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Аудит объектілерінің қызметін «Тиімділік» көрсеткіші бойынша бағалау қаржылық, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында жүргізілді.

Басқарманың негізгі қызметі Ережеде айқындалған облыстың құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу ретінде іске асырылған.

Дегенмен, мемлекеттік аудит басқарма және оның құрылымдық бөлімшелердің қызметін реттейтін ішкі құжаттарды зерделеу басқармамен ішкі құжаттарды әзірлеу және бекіту кезінде жол беретін бірқатар жүйелік бұзушылықтар мен кемшіліктер бар екенін көрсетті.

Бекітілген Ережеге сәйкес мемлекеттік органның қызметін



ұйымдастыруда басқарманың ведомстволық бағынысты ұйымдары болмаса да бірінші басшысының өкілеттігіне олардың басшылары мен басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындау, қызметтен босату, көтермелеу шаралары және оларға тәртіптік жаза қолдану функциялары жатқызылған.

Басқарманың жұмыс регламенті мен бөлімнің ережесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып уақытылы өзектендірілмейді.

Басқарманың лауазымды тұлғаларының функционалдық міндеттерін талдау құрылыс саласында тиісті біліктілігі жоқ лауазымды тұлғалардың техникалық және технологиялық міндеттерді орындайтынын көрсетті.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұза отырып, басқарманың 2020, 2021, 2022, 2023 жылдардың тоқсанға арналған құрылымдық бөлімшелер бойынша жұмыс жоспарлары толық емес, ал қолда бар жұмыс жоспарына (2020, 2021, 2022 жылдар) оларды орындау нәтижелері бойынша есептілік қалыптастырылмаған, бұл қызметкерлердің алға қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындауы үшін басқару шешімдерін қабылдаудағы елеулі кемшілік болып табылады.

Аудит объектілері бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды тұтастай орындаған, тікелей нәтижелердің жоспарланған негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

Жалпы, бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізгеніне қарамастан, бірқатар бұзушылықтар мен кемшіліктер бар, атап айтқанда:

2020 жылғы мекеменің 106,108 бюджеттік бағдарламалары бойынша жергілікті бюджетті түзету кезінде олардың қаржыландыру көлемі, нәтижелер көрсеткіштері өзгерген жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу арқылы қайта бекітілмеген.

Сонымен бірге 2021-2023 жылдары 108,113 бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарлама басшысы тиісті бұйрықпен айқындалмаған.

2021, 2022, 2023 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын бекіту және нақтылау кезінде жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісілмеген және бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде бюджеттік бағдарламаларға енгізілген өзгерістердің салыстырма кестесі енгізілмеген.

Бұдан басқа, бюджеттік өтінімдерде қамтылған есептеулерге ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы қамтамасыз етілмеген, бұл жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды тиімсіз жоспарлауды көрсетеді.

Аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша жүргізілген мемлекеттік аудит Түркістан облысында құрылыс саласындағы мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі бойынша пікір білдіру үшін жеткілікті негіздер береді деген қорытынды жасауға болады.

**Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:** *Мәнділік* – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің және бюджет қаражатын басқарудың тиімділігіне жүргізілген аудит мемлекеттік аудит объектілерімен қаржы және шаруашылық операцияларын жасаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, ішкі нормативтік және құқықтық құжаттардың талаптарынан ауытқулар бар екенін анықтады. Атап айтқанда:

Бюджет есебінен әзірленген инвестициялық жобалардың мерзімі өтуіне байланысты іске асырылмай, технико-экономикалық негіздемені дайындауға және жобалық-сметалық құжаттама жасатуға бюджеттен бөлінген қаржылардың тиімсіз жұмсалуына алып келген, оның ішінде кейбір жобалар тоқтатылған және өзектілігін жоғалтқан.

Жобалау ұйымдарының сапасыз дайындалған жобалау-сметалық құжаттамалары бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға алып келген, сондай-ақ түзетулер енгізілген жобалық-сметалық құжаттамаға қайта сараптама жасалмаған.

Кейбір нысандарда құрылыс-монтаждау жұмыстары техникалық және авторлық қадағалауды қатар жүргізбей жүзеге асырылған.

Тапсырыс беруші нысандарда құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру кезінде орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын, сондай-ақ техникалық және авторлық қадағалау тиісті деңгейде қамтамасыз етпейді.

Құрылысқа қатысушылар тарапынан жұмыстар толығымен аяқталмаса да объектіні пайдалануға қабылдау фактілері анықталды.

Жекелеген жағдайларда объектілерді пайдалануға беру актісінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу органдарына жүгіну және объектіні коммуналдық меншікке қабылдау-беру актісін дайындау үшін тиісті құжаттарды рәсімдеу мерзімдері сақталмайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасында көзделген шаралар мердігерлік ұйымдарға олардың шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамағаны, атап айтқанда тұрақсыздық айыбын ұстап қалу (өндіріп алу), сот органдарына жосықсыз өнім беруші деп тану бойынша жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмейді.

Мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану принципі сақталмай, аудиттелген кезеңде кейбір пайдалануға берілген объектілер тиімсіз пайдаланылмай тұр.

Бухгалтерлік есеп және есептілік саласында құрылыс объектілерінің орын ауыстыруына жеткіліксіз бақылау және мониторинг жүзеге асырылған, бұл бухгалтерлік есеп және мемлекеттік мүлік туралы заңнаманың қабылданған объектілерді бухгалтерлік есепте көрсету бөлігінде бұзылуына, сондай-ақ мүлікті және жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беруге алып келген.

Айта кету керек, жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтардың көпшілігі жүйелі сипатқа ие, бұзушылықтарға жол берудің негізгі себептері қызметкерлердің өздеріне сеніп тапсырылған жұмыс учаскелерінде өздерінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындамауы, қызметкерлердің көп жүктелуі, басшы құрам тарапынан қызметкерлердің Қазақстан Республикасы

заңнамаларының нормаларын сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

Сонымен бірге «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы №05-2-2/1127 санды хатымен «Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс шарасы бойынша 2023 жылдың 29 желтоқсанында түзілген Аудиторлық есепке жазған қарсылығына әрбір тармақ бойынша уәжді жауаптар тексеру комиссиясының 2024 жылғы 19 қаңтардағы №09/2402 санды хатымен жолданды.

Сол сияқты «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылдың 25 сәуірдегі №32/1135 санды хатымен аталған аудиторлық іс шара бойынша 2024 жылдың 28 наурызында түзілген Аудиторлық есепке жазған қарсылығына әрбір тармақ бойынша уәжді жауаптар тексеру комиссиясының 2024 жылғы 23 мамырдағы №42-09/1123 санды хатымен жолданды.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. «Түркістан облысы құрылыс басқармасының бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

3. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде аудит қорытындысымен анықталған бұзушылықтар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының тиісті дәлелдерімен бірге процессуалдық шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына жолдансын.

#### **4. Түркістан облысының әкімдігіне ұсынылады:**

1) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының бұзылуына жол берген «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

#### **5. «Түркістан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген жауапты қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын;

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласындағы жаңа

әкімшілік-іскерлік орталығында және жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылымын салу (кәрізбен жабдықтау II-кезең)» нысаны бойынша жалпы 216,8 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 60 тармағы);

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласына жаңа әкімшілік-іскерлік орталығында және жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылым құрылысы (сумен жабдықтау II-кезең)» нысаны бойынша жалпы 1 482,3 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 63 тармағы);

4) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласының әкімшілік-іскерлік орталығында бульвар салу (3-кезек)» нысаны бойынша жалпы 2 082,6 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 81 тармағы);

5) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласы әкімшілік-іскерлік орталығының инженерлік инфрақұрылымын салу (жол бөлігі, №40 көшеден бастап №24 көшеге дейін №9 көше; №9 көшеден бастап №13 көшеге дейін №40 көше; №24 көшеден бастап №32 көшеге дейін №11 көше; №11 көшеден бастап №9 көшеге дейін №24 көше; Батыс Еуропа – Батыс Қытай трассасынан бастап №9 көшеге дейін №32 көше)» (Шымкент-Түркістан трассасынан бастап №32 көшеге дейін №11 көше, Шымкент-Түркістан трассасынан бастап №32 көшеге дейін №9 көше, №11 көшеден бастап №9 көшеге дейін №32 көше) 3-кезек (суару су құбыры және қорғаныс қабатын салу)» нысаны бойынша жалпы 1 758,9 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 101 тармағы);

6) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласы әкімшілік-іскерлік орталығының инженерлік инфрақұрылымын салу (жол бөлігі, №40 көшеден бастап №24 көшеге дейін №9 көше; №9 көшеден бастап №13 көшеге дейін №40 көше; №24 көшеден бастап №32 көшеге дейін "11 көше; 11 көшеден бастап №9 көшеге дейін №24 көше; Батыс Еуропа - Батыс Қытай трассасынан бастап №9 көшеге дейін №32 көше) (№9,11 көше ирригация жүйесі) (IV-кезек)» нысаны бойынша жалпы 1 263,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 104 тармағы);

7) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығында және жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылым салу (жол бөлігі, №46 көше; №44 көше; №42 көше; №9 көшеден №5 көшеге дейін №40 көше; №38 көше; №36 көше; №34 көше; №9 көшеден №5 көшеге дейін №32 көше; №28 көше; №26 көше; №13 көшеден Батыс-Еуропа-Батыс Қытай жобаланған трассаға дейін және №9 көшеден №5 көшеге дейін №24 көше; №22 көше; №20 көше; №15 көше; №13 көше; №7 көше; №5 көше; №20 көшеден №24 көшеге дейін №9 көше; №20 көшеден №24 көшеге дейін №11

көше) (№28 көше №13 көшеден №9 көшеге дейін) 6-кезек» нысаны бойынша жалпы 2 192,7 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 107 тармағы);

8) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығы мен жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылымын салу (кәріз IV-кезек)» нысаны бойынша жалпы 8 960,5 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 113 тармағы);

9) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығы мен жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылымы (сумен жабдықтау IV-кезек) түзету» нысаны бойынша жалпы 1 215,7 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 116 тармағы);

10) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан қаласындағы әкімшілік-іскерлік орталығы мен жаңа тұрғын алабында инженерлік инфрақұрылым құрылысы (сумен жабдықтау V-кезек) түзету» нысаны бойынша жалпы 14 041,6 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 119 тармағы);

11) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «ОҚО, Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Абай атындағы №5 жалпы орта мектебінде спорт зал ғимаратының құрылысы» нысаны бойынша жалпы 780,7 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 123 тармағы);

12) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «ОҚО, Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Пушкин атындағы №6 жалпы орта мектебінде спорт зал ғимаратының құрылысы» нысаны бойынша жалпы 1 858,5 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 127 тармағы);

13) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін бухгалтерлік есеп бойынша анықталған 6 594 406,0 мың теңге қалпына келтірілсін (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 13,21,23,24,31,34,35,36,37,40,41,42,43 тармағы);

14) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін пайдалануға қабылданған 26 нысандар бойынша облыстық коммуналдық мүліктер пайдаланушы заңды тұлғаларға бекітіп беру бойынша шаралар қабылдансын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 130,131,132 тармағы);

15) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін 22 788,0 мың теңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіру жөнінде шаралар қабылдасын (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 14,15,16,17,18,19,25,27,28,29 тармағы);

16) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін Түркістан облысының құрылыс басқармасының ережесін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру ұсынылсын;

17) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін Түркістан облысының құрылыс басқармасының жұмыс регламентін және бөлімнің ережесін Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, өзектендіру ұсынылсын.

**6. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ағыбет ауылдық округі, Ағыбет ауылында денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» нысаны бойынша жалпы 7925,1 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 5 тармағы).

**7. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы «Дүйім-Тума», «Қанайұлы», «Маклик» учаскелерінің инженерлік инфрақұрылымын салу» нысаны бойынша жалпы 21 819,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 2 тармағы);

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Шұғыла шағын ауданы №6, №7, №8 көшелерінің инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Газбен жабдықтау)» нысаны бойынша жалпы 22 513,5 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 4 тармағы);

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Кентау қаласы, Шұғыла шағын ауданы №6, №7, №8 көшелерінің инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Электр желілері)» нысаны бойынша жалпы 11 563,6 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 6 тармағы);

4) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін пайдалануға қабылданған 4 нысан бойынша қалалық коммуналдық мүліктер қалалық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 9 тармағы).

**8. «Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы мәдени-спорт кешенін салу» (түзету)» нысаны бойынша жалпы 479076,0 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 7 тармағы);

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Ордабасы ауданының, Темірлан елді мекеніндегі 70 га аумағына инженерлік инфрақұрылым жүйелері (Ауыз су) құрылысы» нысаны бойынша жалпы 4273,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 11 тармағы);

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Ордабасы ауданының, Темірлан елді мекеніндегі 70 га аумағына инженерлік инфрақұрылым жүйелері (Электр

жүйесі) құрылысы» нысаны бойынша жалпы 8138,9 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 11 тармағы);

4) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін өтелуі тиіс 177,5 мың теңге өтелсін (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 2 тармағы).

**9. «Сарыағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Дихан баба елді мекені Е.Бектурганов көшесі бойынан ауылдық мәдениет үйі және кітапхана құрылысы» нысаны бойынша жалпы 3529,9 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 13 тармағы).

**10. «Түлкібас ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов а/о, Бақыбек м/а жеке тұрғын үйлерінің дамуына инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Электр желілері) (Түзету)» нысаны бойынша жалпы 8 125,2 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 1 тармағы);

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов а/о, Бақыбек м/а жеке тұрғын үйлерінің дамуына инженерлік инфрақұрылым құрылысы (Сыртқы сумен қамту желілері) (Түзету)» нысаны бойынша жалпы 23 040,4 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 4 тармағы);

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Келтемашат а/о, Кершетас ауылы, Сәтпаев көшесі №5Б-тегі 100 орындық ауылдық клубының құрылысы» нысаны бойынша жалпы 2 501,3 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 8 тармағы);

4) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін пайдалануға қабылданған 2 нысан бойынша аудандық коммуналдық мүліктер аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 13 тармағы).

**11. Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қоссейіт елді мекеніне инженерлік инфрақұрылымының құрылысы» (электрмен жабдықтау және жарықтандыру)» нысаны бойынша жалпы 1 477,8 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 1 тармағы);

2) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы 4-ші мөлтек ауданына инженерлік инфрақұрылым құрылысы (су желісі 2-кезең)» нысаны бойынша жалпы 10 252,0 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 3 тармағы);

3) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы 4-ші мөлтек ауданына инженерлік инфрақұрылым құрылысы (су желісі 3-кезең)» нысаны бойынша жалпы 4 715,4 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 5 тармағы);

4) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін «Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қоссейіт елді мекеніне инженерлік инфрақұрылымының құрылысы» (сумен жабдықтау)» нысаны бойынша жалпы 1 154,5 мың теңгеге атқарылмаған жұмыстар көлемі, жұмыспен қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 7 тармағы);

5) 2024 жылдың 15 қарашасына дейін пайдалануға қабылданған 3 нысан бойынша аудандық коммуналдық мүліктер аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіп беру бойынша шаралар қабылдансын (29.12.2023 жылғы аудиторлық есептің 9 тармағы).

## **12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:**

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарындағы 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотына жобалау алдындағы құжаттама (техникалық-экономикалық негіздеме) бөлігінде өзгеріс енгізуге ұсыным жіберілсін (28.03.2024 жылғы аудиторлық есептің 13,24,37,43 тармағы).

## **13. Тексеру комиссиясының мүшесі А.Дарибаев:**

1) Тиісті органдарға нұсқама мен ұсынымдардың жолдануын қамтамасыз етсін;

2) Орындалмаған жұмыстар көлемдерін қалпына келтіру және өтелетін қаржылар бойынша мемлекеттік аудит объектісі нұсқаманы орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде, қылмыстық құқық бұзылушылық белгісі бар материалдарды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының тиісті дәлелдерімен бірге процестік шешім қабылдау үшін қылмыстық қудалау органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

## **3.4. Қосымша:**

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 85 парақта;

2) 3 жылдық мерзімі өткен құрылысына қаржы қаралмаған жобалар бойынша мәліметтер 1 парақта (аудиторлық қорытындыға №1-қосымшада тігілген);

3) Өндірілмеген тұрақсыздық айыбы бойынша мәліметтер 1 парақта (аудиторлық қорытындыға №2-қосымшада тігілген);

4) Инвестициялық жобалар бойынша атқарылмаған жұмыстар туралы мәліметтер 5 парақта (аудиторлық қорытындыға №3-қосымшада тігілген);



5) Пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша мәліметтер 2 парақта *(аудиторлық қорытындыға №4-қосымшада тігілген)*;

6) Үстеме тексерулер бойынша мәліметтер 45 парақта *(аудиторлық қорытындыға №5-қосымшада тігілген)*;

7) Мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген қаржылар туралы мәліметтер 2 парақта *(аудиторлық қорытындыға №6-қосымшада тігілген)*;

8) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 207, 238, 312, 317, 318, 321 бабына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін 115 әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 115 материалдар туралы, сондай-ақ, Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті және Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасымен әкімшілік жауапкершілікке тартылған 110 материалдар бойынша мәліметтер 39 парақта *(аудиторлық қорытындыға №7-қосымшада тігілген)*.